

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі»
мелекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны уақытша бос лауазымга
орналасуға конкурс туралы хабарландыру**

Жаңатас қаласы

«31» тамыз 2022 жыл

Конкурс өтетін мекен-жайы: Пошталық индексі 080700, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 5 мөлтек ауданы, 1 үй. Анықтама үшін телефон: 87263462614, 87021157497 электрондық мекен-жай: Kolledzh@mail.ru.

Конкурсқа «Жаңатас көпсалалы колледжі» МКҚК – на **биология** бойынша жалпы пән оқытушысы.

Барлық конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

- Жоғары оку орнынан кейінгі білім;
- Педагогтың тәменде көрсетілген кәсіби құзыреттіліктері болуы тиіс:
- білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін кешендерін анықтау, оларды нактылау және басым міндеттерді анықтау, педагогикалық жүйені құра білу және қозғалысқа келтіру: білім-тәрбие міндеттерін кешенді жоспарлау; білім процесі мазмұнының ұйымдастыру түрі, әдістері және құралдарының дұрыс таңдауы, тәрбие компоненттері мен факторлары арасында өзара байланыстарды анықтай білу және орнату, оларды әрекетке келтіру: қажетті жағдайларды тудыру (материалдық, моральдық-психологиялық, ұйымдастыруышлық, гигиеналық және т.б.); студентті белсендендіру, оны объектіден тәрбие субъектісіне айналдыратын іс-әрекеттің дамыту; біріккен іс-әрекетті ұйымдастыру және дамыту, педагогикалық қызметтің нәтижесін есепке ала білу және бағалау, білім беру ортасы және қызмет мазмұны мен бағыты оның дамуын қамтамасыз етуі.

Жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі педагогикалық білім және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім тиісті бейіні бойынша білім беру ұйымдарында жұмыс өтілі талап етілмейді.

Және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейі болған жағдайда мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог – зерттеуші кемінде 3 жыл, педагог-шебер үшін - 4 жыл.

Педагог қызметінің лауазымдық жалақысы: 60000 тенгеден – 130000 тенгеге дейінгі аралығы.

Лауазымдық міндеттері:

- Оқу және тәрбие жұмысын ұйымдастырады және өткізеді.
- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытушының пәндерді ескере отырып, оқушыларды тәрбиелеу мен оқытууды жүзеге асырады.
- Білім алушылардың жеке басының жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, жеке қабілеттерінің дамуына жәрдемдеседі және айқындайды.
- Оқытуудың анағұрлым тиімді формаларын, әдістерін және құралдарын, жана педагогтік құралдарды қолданады.
- Білім алушылардың сапалы білім, білік пен дағды алушарын қамтамасыз етеді.

- Оқу процесінің жоспары мен кестесіне сәйкес оқыту бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады.
- Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен деңсаулығын қоргауды қамтамасыз етеді.
- Жабдықтарды пайдалану кезінде техника қауіпсіздігінің талаптарын орындайды.

Қатысушы педагог:

Казақстан Республикасының Конституациясын, Казақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Педагогикалық әдеп қағидаларын", білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім алушылардың білім және тәрбие беру мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін, дидактика принциптерін, педагогика және жастық психология негіздерін, басқарудың инновациялық әдістерін, әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүзелеу принциптерін, баспалармен жұмыстың негіздерін, окубағдарламалық құжаттарды әзірлеу принциптері мен тәртіптерін білуге міндетті.

Кәсіби құзыреттілікті анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар: "педагог":

- оқу пәннің мазмұнын, оқу-тәрбие процесін, оқыту және бағалау әдістемесін білуі;
- білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлай және ұйымдастыра білуі,
- білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етуі,
- білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатыса білуі,
- білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбие мен оқытуда жеке тәсілдерді жүзеге асыруы,
- кәсіптік-педагогикалық диалог дағдыларын игеруі, сандық білім беру ресурстарын;

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжат;
- кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс параги (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- еңбек қызметін раставтың құжаттың көшірмесі (бар болса);
- "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Казақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрігымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).
- психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

- наркологиялық ұйымнан анықтама;
- Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы күлілік (болған жағдайда).
- педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парагы.

Конкурсқа қатысты көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылатындығы ескертіледі.

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап **жеті жұмыс күні** ішінде жүргізіледі.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашиқтығы мен обьективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына келісім бойынша басқа білім беру үйимдарының өкілдерін енгізуге рұқсат етіледі.

Кандидаттар конкурстың комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларына сәйкес шағым береді.

Конкурсқа қатысушылар конкурстың комиссия шешіміне жоғары тұрған органның апелляциялық комиссиясына немесе сол тәртібімен шағымдана алады.

Кадр бөлімінің менгерушісі

Г.Айнекова